



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M01703 –Шетел тілі: екі шетел тілі»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Шетел тілдерін оқытудың заманауи парадигма талаптарына сәйкес әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті меңгерген, педагогикалық, ғылыми-зерттеу және басқару әрекетін жүзеге асыруға қабілетті, екі шетел тілін меңгерген ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

КӘСІБИ САЛА

- орта білім беру ұйымдары;
- кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары;
- жоғары білім беру ұйымдары
- білім беру бөлімдері мен басқармасы;
- білім беру мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми -зерттеу ұйымдары

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН-1 тәлімгердің басшылығымен курс мақсаттарына сәйкес мәдениаралық коммуникация субъектісінің негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсер ететін оқу семинарларының (семинарлық, практикалық) формаларын, әдістері мен құралдарын таңдайды және мазмұнын анықтайды;

ОН-2 тәлімгердің басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады;

ОН-3 кафедрада бекітілген әдістемелік нұсқаулардың талаптарын ескере отырып, дәрістерді, тәжірибелік сабақтарды, семинарларды дербес өткізеді, CEFR бойынша қажетті деңгейден төмен емес академиялық және кәсіби мақсаттарға арналған шет тілін қолданады;

ОН-4 тәрбие үдерісін Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып құрастырады;

ОН-5 білім алушылардың өзін-өзі позитивті бағалау, тілдерді үйренуге деген мотивация, азаматтық сәйкестілік және лингвистикалық толеранттылықты қалыптастыру тәсілдерін анықтайды;

ОН-6 тәлімгердің басшылығымен оқытылатын пәндерге арналған ОӘК даярлайды;

ОН-7 ғылыми зерттеулер мен педагогикалық әрекетті жүзеге асыру үшін АКТ қолданады;

ОН-8 оқу және оқыту-педагогикалық жағдаяттарды талдайды, білім алушылардың жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерін, олардың даму деңгейін анықтайды;

ОН-9 педагогикада, көпмәдениетті және көптілді білім беру саласында теориялық және практикалық білімді зерттеу міндеттерін тұжырымдап, шешу үшін дербес қолданады;

ОН-10 әріптестерімен бірлесе отырып білім беру тәжірибесін жетілдіру үшін психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында және шет тілдік білім беру саласында зерттеулер жоспарлайды және жүргізеді;

ОН-11 оқу-тәрбие процесіне жұмыс берушілерді, кәсіби қауымдастықтардың, ғылыми ұйымдардың, шетелдік серіктестердің өкілдерін қатыстырады